

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (1)**

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Қонырбеков Медет Жаугаиштыұлы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

РЕДАКЦИЯ**Главный редактор**

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайұлы

Техническое сопровождение

Коньырбеков Медет Жаугаиштыевич

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Сания Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

- Abil Erkin Amanzholovich* – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)
Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)
Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)
Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)
Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)
Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)
Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)
Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)
Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)
Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)
Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)
Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)
Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)
Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)
Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)
Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)
Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)
Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)
Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)
Shotanova Galiya Aitzhanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva
Chernienko Denis Arkadyevich
Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich
Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Konyrbekov Medet Zhaugashtievich
Zikirbaeva Venera Serikovna
Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 186–199
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.09.55

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_186-199

XX ҒАСЫРДЫҢ 40-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҮНДІСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨШІНІҢ ТАРИХЫ (ҮНДІСТАН ҰЛТТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Гүлсім Алдабергенқызы Бисенова¹, Гулфира Елубайқызы Өтепова², Жандос Бекділдаұлы Болдыков³

¹ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің РММ «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» (Нұржол желек жолы, 12 үй, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ.)
т.ғ.к, доцент, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы ORCID 0009-0001-6435-0187. E-mail: *bisenova.1966@inbox.ru

²«Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» (60 үй, Олжабай батыр көшесі, 140002, Павлодар, Қазақстан Республикасы)
т.ғ.д, профессор
ORCID 0000-0003-3495-4200. Scopus Author ID –57194518893. E-mail: g.otepova.hist@mail.ru

³ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің РММ «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының» директоры (Нұржол желек жолы, 12 үй, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ.)
PhD доктор
ORCID 0009-0004-1135-0644, Scopus Author ID – 57210749369 E-mail: book.mks@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Бисенова Г.А., Өтепова Г.Е., Болдыков Ж.Б., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған Алтайдан басталып Қытай, Тибет жолы арқылы Үндістанға жеткен ұзақ та ауыр жол азабын бастан кешірген көш тарихына қатысты тың архив құжаттары қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – аталмыш көш тарихын зерттеудегі Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған құжаттардың құндылығы мен маңыздылығын көрсету. *Материалдар мен әдістер.* Материалдар Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған құжаттар болып табылады. Мақаланы жазу барысында тарихи ақпаратты ғылыми талдау, оларды жүйелеу және салыстыру әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Аталмыш архив құжаттарында келтірілген мәліметтер Гималай асып ауыр жол азабын бастан өткізіп жеткен қазақ көшіне Үндістан үкіметі бей-жәй қарамай, көш мәселесіне қатысты мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылданғанын көрсетеді. Үндістан үкіметі мен Кашмир арасындағы аталмыш көштің себептерін анықтау, Үндістанға жеткен қазақ көшін қабылдау, орналастыру және оларға қатысты шығындар мәселесін шешу мақсатындағы хат алмасулар басты дәлел болып табылады. *Қорытынды.* Бұл архив құжаттары аталмыш көш тарихына қатысты осы көштің тікелей куәгерлерінің естеліктері негізінде жарық көрген еңбектері мен зерттеулеріндегі деректер мен мәліметтерді нақтылап толықтыра түседі. Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған бұл

құжаттар, XX ғасырдың 30 жылдары Алтайдан басталып, Түркияда аяқталған одан әрі терең зерттеуді қажет ететін көш тарихына қатысты құнды дереккөзі болып табылады.

Түйін сөздер: Үндістан Республикасының Ұлттық архиві, көш тарихы, Үндістан, архив құжаттары, қазақтар

Дәйексөз үшін: Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. XX ғасырдың 40-жылдарындағы Үндістандағы қазақ көшінің тарихы (Үндістан ұлттық архив құжаттары негізінде)// Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 186-199-бб. (қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_186-199

ИСТОРИЯ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ КАЗАХОВ В ИНДИЮ В 40-Х ГОДАХ XX ВЕКА (НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО АРХИВА ИНДИИ)

Гулсим Алдабергеновна Бисенова¹, Гульфира Елубаевна Отепова², Жандос Бекдильдаевич Болдыков³

¹РГУ “Национальный центр рукописей и редких книг” МКиИ РК (Бульвар Нуржол, 12, 010000, Республика Казахстан, г.Астана)

к.и.н., доцент, ведущий эксперт отдела организации научно-исследовательской работы ORCID 0009-0001-6435-0187. E-mail bisenova.1966@inbox.ru

²Павлодарский педагогический университет им. А.Маргулана (д.60, ул. Олжабай батыра, 140002, Павлодар, Республика Казахстан Казахстан)

д.и.н, профессор

ORCID 0000-0003-3495-4200. Scopus Author ID –57194518893. E-mail: g.otepova.hist@mail.ru

³РГУ “Национальный центр рукописей и редких книг” МКиИ РК (Бульвар Нуржол, 12, 010000, Республика Казахстан, г. Астана)

PhD, директор

ORCID 0009-0004-1135-0644, Scopus Author ID – 57210749369, E-mail: book.mks@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются новые архивные документы, выявленные из фондов Национального архива Республики Индии. Выявленные материалы относятся к истории переселения казахов, которые пережили длительные и мучительные дорожные страдания, достигнув Индии через Китай и Тибетский путь, мигрировав с Алтая. *Цель и задачи.* Цель исследования - показать ценность и значимость документов, выявленных из фондов Национального архива Республики Индии. *Материалы и методы.* Материалом являются документы, выявленные из фондов Национального архива Республики Индии. В статье были использованы методы научного анализа исторической информации, их систематизации и сравнительного анализа. *Результаты.* Данные архивные документы, свидетельствуют о том, что правительством Индии на государственном уровне были приняты соответствующие решения, касающиеся вопросов миграции казахов и их пребывания в различных штатах Индии. Основным аргументом является переписка между правительством Индии и Кашмиром с целью выявления причин этой миграции, принятия, размещения и решения вопроса о финансовых затратах. *Заключение.* Выявленные архивные документы подтверждают факты и дополняют сведения, опубликованные в трудах и исследованиях непосредственных участников данных событий. Новые документы из архива Индии являются ценным источником по истории переселения казахов в 30-годах XX века, которые в дальнейшем продолжили свой путь в Турцию, и они требуют своего дальнейшего изучения.

Ключевые слова: Национальный архив Республики Индии, история переселения, Индия, архивные документы, казахи

Для цитирования: Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. История переселения казахов в Индию в 40-х годах XX века (на основе документов Национального архива Республики Индии)// Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 186-199 (на каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_186-199

THE HISTORY OF THE RESETTLEMENT OF KAZAKHS TO INDIA IN THE 40S OF THE XX CENTURY (BASED ON DOCUMENTS FROM THE NATIONAL ARCHIVE OF INDIA)

Gulsim A. Bissenova¹, Gulfira E. Otepova², Zhandos B. Boldykov³

¹Department of organization of scientific research work RSU “National Center for Manuscripts and Rare Books” of the MC of the RK (Nurzhol Boulevard, 12, 010000, Republic of Kazakhstan, Astana)

Candidate of historical sciences, associate professor, leading expert

ORCID - 0009-0001-6435-0187 . E-mail: *bisenova.1966@inbox.ru

²A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Olzhabay Batyr Str. 60, 140002, Pavlodar, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Professor

ORCID - 0000-0003-3495-4200, E-mail: g.oteпова.hist@mail.ru

³Director of the RSU “National Center for Manuscripts and Rare Books” of the MC of the RK (Nurzhol Boulevard, 12, 010000, Republic of Kazakhstan, Astana)

PhD

ORCID 0009-0004-1135-0644, E-mail: book.mks@mail.ru

© Valichanov IHE, 2025

© Bissenova G.A., Otepova G.E., Boldykov Zh.B., 2025

Abstract. *Introduction.* The article examines new archival documents identified from the fund of the National Archives of India relating to the history of the resettlement of Kazakhs who endured long and painful road sufferings, reaching India through China and the Tibetan Way, migrating from Altai. *Purpose and objectives.* The purpose of the study is to show the value and significance of documents identified from the collections of the National Archives of India. *Materials and methods.* The material is the documents identified from the collections of the National Archives of India. The article uses methods of scientific analysis of historical information, their systematization and comparison. *Results.* These archival documents indicate that the Government of India at the state level made decisions on the migration of Kazakhs who arrived in India. The main argument is the correspondence between the Government of India and Kashmir in order to identify the causes of this migration, accept, accommodate and resolve the issue of costs. *Conclusion.* These archival documents confirm the facts and supplement the information published in the writings and research of direct participants in these events. As a result, these documents are an important source in the study of the history of the resettlement of the Kazakhs of Turkey, which is important at the world level.

Keywords: National Archive of the Republic of India, history of resettlement, India, archival documents, Kazakhs

For citation: Bissenova G.A. Otepova, G. E., Boldykov Zh. B. The History of the resettlement of Kazakhs to India in the 40s of the XX century (based on documents from the National Archive of India)// Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 186-199 (in Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_186-199

Кіріспе. Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткерді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата - бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетуі тиіс (Қасым-Жомарт Тоқаев).

Тәуелсіздіктен бері қазақ халқы өз тарихын түгендеу жолында ірі қадамдар жасап келе жатқаны белгілі. Осы орайда, мемлекетіміз арнайы бағдарламалар дайындап, ауқымды шараларды іске асыруда. Сол іс-шаралардың бірі – Ұлттық архив қорларын шетелдік архивтерде сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттармен толықтыруға бағытталған «Архив -2025» жобасы. Аталмыш жобаны жүзеге асыру барысында тарихшы ғалымдардан құрылған ғылыми экспедициялар

алыс-жақын шетелдік архивтерде еліміздің тарихына қатысты деректер мен құжаттарды зерттеу – іздестіру мақсатында нәтижелі жұмыстар атқарған болатын. Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының бір топ ғалымдары мен мамандары қатынасқан ғылыми-зерттеу экспедициясы 2022 жылдың қыркүйек айында «Архив-2025» жобасы аясында Үндістан ұлттық архив қорларында ізденіс жұмыстарын жүргізген болатын. Ғылыми экспедицияның зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталып, елге жеткен маңызды архив құжаттардың бірі - Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған 1930 жылдардың екінші жартысында Шығыс Түркістаннан басталып, 1954 жылы Түркияда аяқталған қазақтардың көш тарихына қатысты деректер. Қазақтардың Алтайдан басталған көш керуені Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жеткені тарихтан белгілі. Дегенмен, осы көштің қалай басталғаны, оның қандай қиын-қыстау жолдарды басып өткені жайлы аса көп мәліметтерді біле бермейміз. Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған құжаттар аталмыш көш тарихына қатысты тың және нақты архив деректері болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазудың теориялық және әдістемелік негізі ретінде заманауи тұжырымдамалық тәсілдер мен зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылды. Олардың негізгілері - тарихи объективтілік және гуманитарлық білімнің басқа да ғылыми принциптері, сондай-ақ зерттеудің осы саласындағы жетекші зерттеушілердің теориялық тұжырымдары мен ережелері. Сонымен қатар, мақаланы жазу барысында арнайы зерттеу әдістері қолданылды, мысалы, логикалық және жалпы ғылыми әдістер, талдау және синтез, аналогия және салыстыру, қорытынды және басқалар. Дереккөздерді анықтау, зерттеу және жариялау барысында археографиялық және деректану ғылымдарында жиі қолданылатын әдістер қолданылды. Осындай әдістердің бірі эвристика әдісі болды, яғни Үндістан Республикасының Ұлттық архив қорларындағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды анықтау және жинау.

Мақалада Үндістан Ұлттық архив қорларынан көшірмелері алынған құжаттық деректерге талдау жасалды. Атап айтар болсақ, Саяси департамент бөлімі бойынша Үндістан ұлттық архив қорынан анықталған F. №239 – W/1941ж. «Кашмирге келген қазақтарға қатысты қабылданған шешімдер, Орталық Азиядан келген 3000-ға жуық иммигранттар тобы», F. №203 W1942ж. «Үндістанның Бхопал штатына қазақтарды орналастыру мәселесі, Хайдарабадқа жіберілген сұраныс хаттары», F. №674 – C.A./1946ж. «Бхопалдағы қазақтарға қатысты шығындар» атты құпия құжаттар. Үндістанға жеткен көш тарихына қатысты архив құжаттары мен Үндістанның мерзімді басылымдарында қазақ көшіне байланысты жарияланған деректері де келтірілген. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпқа байланысты жарық көрген кітаптар мен осы көштің тікелей куәгері болған кісілердің ауызша деректері негізінде жазылған еңбектердегі мәліметтер салыстырмалы – тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады.

Талқылау. XIX ғасырдың соңғы кезінде Алтай, Тарбағатай аймақтарының қазақтары бытырап, Құмыл, Баркөл Мори жаққа қоныс аудара бастайды. Мұның бірнеше себептері болды: халық өкіметке шамадан тыс, өте көп алым-салық төлеп, әл-ауқаты барған сайын төмендейді. Екіншіден, Алтай, Тарбағатай билеушілерінің әділетсіз биліктері мен олардың шаш ал десе, бас алатын жандайшап, атарман-шабармандарының іс-әрекеттері де қалың қауымның жүйкесін тоздырды. Осы себептер түрткі болып, тыныш тіршілікті арман еткен халық ауыл-ауыл болып Алтайдан жылыстап көшіп кетіп жатты. Отызыншы жылдардың орта шенінде, дәлірек айтқанда, 1933 жылы Шыңжанның әскери-саяси билігі Шың Шысайдың қолына өтті. Ол өкімет басына келгеннен кейін өзінің үстемдігін нығайту мақсатымен халықты алдап-арбауға кірісті. Бұл кезде ел өміріндегі саяси дағдарыс шиеленісіп, экономика құлдырап кеткен-ді. Алым-салық көбейіп, халықтың тұрмысы мейлінше ауырлаған болатын. Мұндай жағдайлар аз ұлт халықтарының наразылығын тудырды. 1931 жылы Баркөлде ұйғыр батыры Қожанияз бен қазақ батыры Әйембеттің бастауымен Қытай өкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтеріліс жасалды (Алтай, 2014:6.10,14).

Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М. Шоқай Шығыс Түркістандағы бұл оқиғалар туралы «Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық күрестің барысы және оның сыртқы дүниемен байланысы, қарым-қатнасы жөнінде көп сұралады. «Яш Түркістан» оқырмандарының Шығыс Түркістандағы оқиғаларға соншама көңіл бөлуі әбден табиғи және солай болуы тиіс. Өйткені ол жерде түрік тарихының беттері халқымыздың қанымен жазылуда. Күрестің бет алысы қандай? Қандай нәтижелерге жете алды? Сыртқы дүниемен байланысы ше? Бұл сұраулар әлемнің қай түпкірінен қойылса да шығыс түркістандықтарды мүлде бей-жай қалдырмайды. Олай болатын себебі Батыс Түркістандағы өз тағдырын өзі айқындау көп жағынан осы сұраулардың жауабына байланысты» (Шоқай, Т.1, 1998:403-404). Осылайша М. Шоқай Шығыс Түркістандағы мұсылман

халықтардың XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы Манчжурлық қытайлық отаршылдыққа қарсы көтеріліп, ұлттық тәуелсіздіктерін жеңіп алу жолындағы күрестері жайлы мәліметтерді журнал беттерінде жариялап, оған өзінің саяси көзқарастарын білдіріп, баға беріп отырған.

Өткен тарихымызға зер салып қарасак, бүгінде Түркиядағы қазақ ағайындарымыздың көпшілігі 1933-1934 жылдары Шығыс Түркістандағы Шың-Шысай билігіне қарсы көтерілген ұлт-азаттық көтерілісі кезінде амалсыздан туған отаны Шығыс Түркістаннан яғни Қытайға қарасты Шыңжан өлкесінен көшкен қазақтар. Бұл көш тарихын зерттеу барысында оған арқау болатын деректер аз емес. Түркияға келгеннен кейін естеліктер мен кітаптар жазу арқылы аталмыш көштің тарихи маңызын болашақ ұрпаққа қалдыру мақсатында Халифа Алтай, Дәлелхан Жаналтай, Хасан Оралтай, Зейнел Сүрмелі естеліктерін қағаз бетіне түсірген. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпты зерттеуде шетелдік зерттеушілердің атап айтар болсақ, ағылшын жазушысы (Godfrey Lais) Годфри Лайстың 1956 жылы Лондонда жарық көрген («Kazakh exodus»), «Қазақ көші» атты еңбегін атап өтуімізге болады.

Шығыс Түркістан қазақтарының 1930 жылдан бергі және шеттегі ұлт-азаттық күрестері және Қалибек Хакімнің Үндістандағы Кашмир өмірі мен жол азабын белгілі журналист Хасан Оралтай «Елім-айлап өткен өмір» атты естелігінде жан-жақты баяндайды. «1933 жылы дүниеге келген, 1945 жылдың көктемінен кейінгі өмірі «Әне жау келіп қалды!» деген ылғи үрку-қашумен басталып, 1947 жылы советтік шабуылдардың салдарынан ата қоныс Қызыл өзеннен шығысқа қарай қашқан (Шығыс Түркістанның Еренқабырға тауының бөктерінен), 1949 жылдың аяғында Сталин мен Мао Зедун басқарған орыс-қытай коммунизмінен жан сауғалап, туған елі Шығыс Түркістаннан шет елдерге босқан, Такламакан шөлінен өтіп, Гималай тауынан асқан, жолда жеті рет Қытай әскерінің шабуылына душарласып, ішкерге асы, киерге киімі және жатар орны жоқ қаңғырған бейшара халық ретінде, бірауыз тілін білмейтін мүлдем жат ел, - Кәшмир-Үндістанға 1951 жылдың аяғында барып паналаған. 1954 жылдың жазында Түркияға жетіп, жанбағу үшін мүлдем жаңа өмір-салтына орай қазақтарды сонда бастап барған Қалибек Хакімнің ұлы ретінде мен талайды көрдім» - деп жазады естеліктерінде Хасан Оралтай (Оралтай, 2005:4).

1936 жылы Шығыс Түркістаннан басталған көш тарихын өлең түрінде баяндаған аталмыш қилы заман көшінің тікелей куәгері - Зейнел Сүрмелі (Зейнел Омарұлы, руы Керей-Молқы-Айтуған-Бегалы) бұл көш басталғанда 20 жастағы бозбала еді. Ол көш барысында әкесі мен бауырынан айрылып, көптеген қиындықтарға тап болады. Қанша азап шегіп жүрсе де көш кезінде көрген-білгендерін өлең етіп жазып, қойын дәптеріне, хат-қағаздарға түсіріп, келешек ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтқан.

Сақадан түнде үркіп көштік қашып,
Көз жетпес Сарықолдың тауын асып.
Бет алып, Үндістанға бастық қадам,
Қылсын деп амандықты Алла нәсіп.
Қалың ел, жер қайысып шықтық жолға,
Құдайым сапар жолды өзің оңда.
Қақ жарып, ортасынан біз келеміз,
Моңғол, Тибет бәрі жау оң мен солда (Сүрмелі, 2024:36)

Автордың осылайша бастаған жыр жолдарына қарап отырып, оның алғашқы көшпен, 1941 жылы елді бастаған Елісхан көшімен Гималай асқанын байқаймыз.

Жәди Шәкенұлының «Оспан батыр және Шығыс Түркістан мәселелері» және «Қаралы көш» кітабы Алтайдан басталған көш керуенінің Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жеткені туралы тарихи шындықты баяндайтын көркем шежіре болып табылады. Аталмыш тақырыпқа қатысты «Қаралы көш» еңбегінде Жәди Шәкенұлы «Жер шарындағы ең ұзақ көштің бұйдасын ұстаған қазақтардың Алтайдан басталған көш керуені Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жетіп, одан бүгінгі Еуропа қазақтары қалыптасты» деген пікірін білдірген (Ж. Шәкенұлы, 2016:2). Сонымен қатар, Түркиядағы Мимар Синан Көркем Өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбдіуақап Қараның «Қазақтардың Түркияға көші» (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері) негізінде жазылған еңбегін атап өтуге болады. Бұл еңбекте қазақтардың 1937 жылы Шығыс Түркістаннан басталып, Үндістан, Пәкістан арқылы 1952 жылдары Түркияға жеткен көші, осы көштің бел ортасында жүріп, жетекшілік жасаған Қожан Секейұлы ақсақалдың ауызша деректері негізінде баяндалады. Аталмыш еңбектегі деректер бойынша, Түркия қазақтарының аталары 1930

жылдардан кейін Шығыс Түркістандағы Қытай губернаторларының саяси қысымы мен қудалаулары салдарынан жалпы алғанда екі дүркін үдере көшті. Қожан қажы осы екі көштің біріншісінде болған.

Бірінші көш – Елісхан және Зайып батырлардың жетекшілігінде 1938 жылы басталды. Артынан үдере қуған қытай әскерлерімен шайқасып, Тибет, Гималайды асып, 1941 жылы Үндістанға жеткен.

Екінші көш – бұдан он жылдан соң Мау Зыдұңның төңкерісінен кейін қозғалған. Бұл көшке Қалибек Хакім, Сұлтан Шәріп Зуқаұлы, Құсайын Тәйжі, Дәлелхан Жаналтай, Нұрғожай Батыр сынды жетекшілер басшылық жасады. Бұлар 1951 жылы Кәшмір қаласына келіп орналасты.

Осы екі көш бір мезгілде Түркияға қоныс аударды. Бірінші көштегілер Үндістан – Пәкістанда жүрген кезде «Шығыс Түркістан Қазақ босқындар қоғамын» құрып, соның атынан Түркияға қоныс аударуға өтініш хат жолдаған. Осы топ 1951 жылы Кәшмірге келген екінші көштің жетекшілерінің де Түркияға өтініш хат берулерін қамтамасыз етті. Олардың өтініш хаттарын Анкара үкіметі 1952 жылдың наурыз айында қабылдады. Қазақтардың Үндістан мен Пәкістаннан Түркияға бет алуы 1952 жылдан 1954 жылға дейін созылды. Олардың жалпы саны – 2 мыңға тарта адам еді (Қара, 2016:4,5). Сонау ғасырлар бойы түркілер шығыстан батысқа қарай көшіп отырған, ал бұл көш, Шығыс Түркістаннан 1930 жылдары түйемен, атпен жасалған ата-бабаларымыздың соңғы көші еді. Қорыта келгенде, еркіндік жолындағы, тілін, дінін сақтап қалу мақсатындағы қилы заман көші – бұл тек қазақтардың тарихы емес, бұл адамзатқа тиесілі үлкен көш, трагедия, мұны бүкіл әлем білуіге тиіс, сондықтан да бұл тарихи кезең жан-жақты терең зерттеліп, зерделенуі қажет деген пікірін білдіреді Мимар Синан Көркем Өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбдіуақап Қара.

Нәтиже. Үндістан ұлттық архив қорынан анықталып елге жеткен құжаттар жоғарыда келтірілген деректер негізіне сүйенсек, Елісхан мен Зайып батырлардың жетекшілігімен 1938 жылы басталып, қытай әскерлерімен шайқаса отырып, Тибет, Гималайды асып, 1941 жылы Үндістанға жеткен көш тарихына қатысты құжаттар. Үндістан ұлттық архивінің Саяси департамент бөлімі бойынша анықталған «Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты қабылданған шаралар, Орта Азиядан келген 3000 қазақ мәселесі» атты құжат 1941 жылдың мамыр айынан 1942 жылдың қаңтар айлары аралығындағы қазақ көшінің Батыс Тибет, Кашмир арқылы Үндістанға енуіне қатысты архив деректерін қамтиды. Атап айтар болсақ, Кашмирге келген қазақтарды орналастыру мәселесіне қатысты қабылданған шаралар, Үндістан үкіметінің Кашмирге келген қазақтар үшін уақытша лагерь құру жөніндегі шешімі, қазақтар үшін жұмсалатын шығындар мәселесі қамтылады. «Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты қабылданған шаралар, Орта Азиядан келген 3000 қазақ мәселесі» атты 1941 жылғы архив құжатындағы деректер бойынша, 1941 жылы Дели қаласында 4 қаңтарда, Үндістан үкіметі, қоғамдық ақпарат бюросы жанынан жарық көрген «Мемлекет қайраткері» атты мерзімді басылымда «Қазақтар» атты мақала жарияланып, Үндістанға келген қазақ көші жөнінде нақты деректер мен мәліметтер берілген. «Қараша айының соңына қарай Кашмирге моңғол халқының көші келді. Мұсылмандар, ерлер, әйелдер мен балалар олар ішінара діни және саяси себептерге байланысты, сонымен қатар экономикалық ыңғайлылықты іздеп Үндістанға келді. Олар Кашмирге 4000 жылқыларымен, 3000 түйе, 20000 қоймен жетті» деген нақты деректер келтірілген (ҰР ҰА.Ғ. № 239 – W/1941: 287).

Дәлелдеме ретінде бірінші суретте Үндістан үкіметінің, Қоғамдық ақпарат бюросы, ресми мерзімді басылымы, «Мемлекет қайраткері» атты бұқаралық ақпарат құралында жарияланған мақаланың фото көшірмесінің үзіндісі келтірілген.



Some of the tribesmen photographed on their arrival. (See below).

THE KAZAKS

IN Kashmir one almost ceases to be astonished by the unfamiliar; but towards the end of November there drifted into the State perhaps the strangest caravan since the Tartar invasion. On the move, a romantic spectacle, it was pure Chu Chin Chow, fulfilling one's most fabulous conceptions of what a caravan should be.

1 фотосурет. Ресми басылымның фото көшірмесінен үзінді «Мемлекет қайраткері» атты Үндістан үкіметі, Қоғамдық ақпарат бюросының мерзімді ресми басылымында (Нью Дели қ., 4 қаңтар, 1941 ж.) Үндістанға келген қазақтар жөнінде ақпарат жарияланған. (ҰР ҰА. F. № 239 – W/1941: 287)

Үндістан үкіметі мен Кашмир үшін қазақ көшін қабылдау және оларды уақытша тұрақпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қабылдануы тиіс шаралар мен оған жұмсалатын шығындар кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Үндістанның сыртқы байланыстар департаменті тарапынан 1941 жылы 10 қазанда Кашмир билігіне қазақтардың Кашмир жеріне кіруіне қатысты барынша қолайлы шараларды қабылдау жөнінде хат жолданған болатын. Бұл хатқа жауап ретінде Кашмир үкіметі қазақтар қолдарындағы қару-жарақтарын тапсыруға келісім беріп, Кашмир территориясына енген жағдайда, оларды орналастыру және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесіне қатысты Үндістан тарапынан қандай да бір арнайы шешімдер қабылдана ма, жоқ па деген мәселе қойды. Сыртқы байланыстар департаментінің аталмыш тақырыптағы құжаттамасына келетін болсақ, қазақтар Кашмир үкіметі тарапынан қойылған қарусыздануға қатысты талаптарын қабылдап, Кашмир территориясына енгенге рұқсат алған жағдайда, қазақ босқындарына қатысты шығындар Кашмир үкіметі тарапынан өтелуі тиіс делінген (ҰР ҰА. F. № 239 – W/1941:6).

Кашмир үкіметі 1941 жылы 28 қазанда орталық Үндістанға қазақ көшінің енуіне қатысты шұғыл хат жолдады. Бұл хатта Тибеттің Демчук аймағынан шамамен 30 миль қашықтықта 4000-ға жуық ерлер, әйел және балалар, 1000 шатыр, 5000 қой, 3000 жылқы, 1100 түйесімен қарулы қазақтар

тобы орналасқан. Кашмир әскерімен қазақтар арасында 6-шы қазанда орын алған қақтығыстан кейін, қазақтардың үш көшбасшысынан құралған топ Кашмир қолбасшыларымен кездесіп, Ладах пен Кашмир арқылы Үндістанға өтуге мүмкіндік берген жағдайда, қаруларын тапсыруға дайын екендіктерін мәлімдейді. Сонымен қатар, аталмыш шұғыл хатта бұл көш туралы мәліметтер аз – олар қайдан келді, Шыңжаңнан қандай себептермен көшті белгісіз. Бірақ бұл қазақтарды біз білмейтін қандай да бір себеп қозғаған болуы керек, бірақ олардың мақсаты біреуді тонау емес, жайлы жерде өмір сүру еді (ҮР ҰА. F.№ 239 – W/1941:116).

Қазақ көшінің Үндістан аумағына енуіне қатысты мәліметтер Әбдіуақап Қараның «Қазақтардың Түркияға көші» (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері) негізінде жазылған еңбегінде жан-жақты баяндалған. Тибет пен Үндістан шекарасында Дамжық (Демчук) деген жер бар екен. Сол жерде төрт-бес күн аялдап қалдық. Алдымызда күтіп тұрған Үндістанның әскер басшысына елші ретінде үш-төрт кісі жібердік. Елшілер көштің мән-жайын, себептерін айта келіп, «Жаудан қашып келе жатырмыз. Қатын-балалы адамбыз. Біздің ешкімге дұшпандығымыз жоқ. Біз дінімізді алып келе жатырмыз.» - дегеннен кейін, «Олай болса, мылтықтарыңды беріп Үндістанға өтіндер» - деп сол жерде тоқтап болады. Содан біз мылтықтарды тапсырып бердік те Үндістанға өттік (Қара, 2016:87, 88).

Шығыс Түркістаннан басталған қилы заман көшінің куәгері, көшбасшыларының бірі - Халифа Алтай «Алтайдан ауған ел» атты кітабында «Шыңхайдан шыққанда 5 мыңнан астам едік. Шамамен 1000 үй, 3039 адам, 1500 қару, 2000 түйе, 5000 жылқы, 1000 сиыр, 8000 қой өткізілді (Бұндағы мал саны мөлшермен айтылған). Осылайша Үндістан топырағына кірдік. Көп жылдар бойы арып-ашып көшіп, түпкілікті мекен боларлық жер іздеген мақсатымыз орындалған сияқты. Қорқынышымыз сейілді, бірақ іс мұнымен біткен жоқ» - деп еске алады (Алтай, 2014:58).

Үндістанның сыртқы байланыстар департаменті Қашқардағы бас консулға қазақтардың Үндістанға көшу себептерін анықтау жөнінде 1941 жылы 9 желтоқсанда құпия жедел хат жолдады. Жедел хатта 3000 қазақтан тұратын қарулы көш қазан айында Ладахқа Үндістанға қоныс аудару ниетімен кірді. Олар түркі тілдес сунниттік мұсылмандар және де Үрімшіден шығысқа қарай он күндік жерде орналасқан аймақтан шыққан. Бірақ біз үшін олардың қашан және қандай себептермен қоныс аударуға шешім қабылдағаны белгісіз. Бүгінгі күні олар уақытша Кашмирде тұрақтады. Үндістан үкіметі бұл көш – қонның себептері мен оларды кері қайтару үшін келіссөздер жүргізудің мүмкіндігі жайлы ақпарат жіберулеріңізді сұрайды делінген (ҮР ҰА. F.№239 – W/1941:221).

Кашмир басшылары 1941 жылы 15 желтоқсанда Үндістан үкіметіне жолдаған құпия есебінде қазақтардың көшбасшыларының бірі Али Яс Ханнан (Елісхан) алынған мәліметтерді жолдаған. Бұл мәліметтер бойынша қазіргі уақытта қазақтардың көпшілігі Гималай тауының Зұлжила (Зоджи-Ла) асуынан өтті. Олар өздерін Керей-қазақтар деп санайды, Үрімшіден шығысқа қарай Құмыл аймағын мекендеген. Олардың айтуынша, орын алған әділетсіз биліктің салдарынан 20 000 адам Қытайдың Гансу провинциясына қоныс аударған. Қытайдан қысым көрген халық шамамен екі жылдан кейін Тибетке қарай үдере көшкен деген мәліметтер келтірілген (ҮР ҰА. F.№ 239 – W/1941:264).

Үндістанның саяси департаменті Кашмир үкіметінен жақын арада қазақ көшін қабылдау мәселесіне қатысты шешім қабылдау жөнінде ұсыныс берген болатын. Осы орайда Кашмир басшылары тарапынан тиісті мемлекеттік қызметкерлермен кеңесе отырып, қазақ көшіне қатысты мәселелерді жан-жақты қарастыру жоспары жасалды. Кашмир басшылары қазақ көшінің Британдық Үндістанға өтуіне жол бермеу үшін шекараға жақын Мұзаффарабад маңында уақытша босқындар тұрағын (уақытша лагерь) құру туралы шешім қабылдайды. Үндістан жеріне енгеннен кейін, қазақтардың тұрған жері еркін қоныс емес, әскер қоршауындағы тұрақ болды. Кіріс-шығыс жолдар Кашмир әскерлерінің бақылауында болды. Кашмир үкіметі Мұзаффарабад маңындағы қазақтардың уақытша тұрағы мен көшті Ладахтан Мұзаффарабадқа дейін жеткізу мәселесіне байланысты жұмсалатын шығындар мәселесін көтерді. Қазақтардың бүгінгі таңда қолда бар малы мен дүние-мүлкін ескере отырып, уақытша тұрақты дайындауға және оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге қажетті шығындарды нақты есептеу қажеттігі туындап отыр. Қазақтарға арналған уақытша тұрақты Бандипурға емес, шекараға жақын Мұзаффарабадқа орналастыру арқылы Британдық Үндістаннан азық-түлік пен жем-шөп тасымалдауға жұмсалатын шығындарды үнемдеуге болады. Үндістан үкіметі уақытша тұрақ мәселесіне қатысты шығындарды өз жауапкершілігіне алған жағдайда, шығындардың толық әрі нақты сомасын есептеуге Кашмир билігі дайын екендігін мәлімдеді. Қазіргі кезеңдегі ақпараттарға сүйене отырып, олардың уақытша тұрақта болу мерзімі 1942 жылдың мамыр айына дейін созылуы мүмкін делінген құжатта.

Кашмир басшылары Үндістан үкіметінің шешімі мүмкіндігінше назарға алынады деген үмітпен, 30 қарашадағы шұғыл хатта көрсетілгендей, қазақ көшінің алдыңғы тобы Гундаға жетіп үлгерді. Аталмыш көшке қатысты қабылданған жоспарға сәйкес, олар жақын арада уақытша тұрақ үшін белгіленген Мұзаффарабад ауданына да жетуі мүмкін. Қорыта келгенде, Үндістан үкіметі тарапынан қазақ көшіне қатысты жұмсалатын шығындар мәселесі тез арада оң шешімін тапса, Кашмир басшылары Мұзаффарабад маңындағы уақытша тұрақты тез арада ұйымдастыруға дайын екендігін мәлімдеген. Егер Үндістан үкіметі шығындар мәселесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алмаса, Кашмир басшылары уақытша тұрақты ұйымдастыруға кірісе алмайтындығын жеткізген. Сонымен қатар, мемлекеттік шекара маңында оларды бақылауға қатысты іс-шараларын шектейтіндігін мәлімдеген. Осы орайда, Кашмир басшылары Үндістан үкіметінен келесі жаз айларына дейінгі мерзімде қазақ көшін уақытша тұрақта бақылауда ұстау үшін жұмсалатын шығындарға толық жауапкершілікті өз мойнына алатыны жөніндегі хабарды тез арада жеткізуді сұрайды (ҰР ҰА. F.№ 239 – W/1941:201-203).

Кашмирге жеткен қазақ көшінің Мұзаффарабад маңындағы уақытша тұраққа орналасу жағдайын Халифа Алтай «Алтайдан ауған ел» атты еңбегінде жан-жақты баяндайды. «Үздік-создық үш бөлек асудан асып, бірнеше күн жол жүріп, 1941 жылдың күзінде Мұзаффарабад қаласына жеттік. Қала онша үлкен емес, шағын. Қаланың жанынан үлкен өзен ағады. Біз өзеннің бергі бетінде қияға шатыр тігіп отырдық. Бір жағымыз тау, бір жағымыз өзен. Оның үстіне біздің лагерьді әскер қоршаған. Кейбіреулерінің жарым-жартылай киіз үйі болса, кейбіреулерінде шатыр. Баспанасыздар да жеткілікті. Өкімет босқындарға ұн, күріш, шай мен май, қант үлестірді. Қалаға шығуға рұқсат жоқ, бір нәрсе сатып алуға да болмайды. Жолды күндіз-түні әскер күзетеді. Ауа-райының қолайсыздығынан ел әртүрлі ауруға шалдығып, сырқаттана бастады. Дәрігерлердің көмегі де шамалы еді» (Алтай, 2014:61-62).

«Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты қабылданған шаралар, Орта Азиядан келген 3000 қазақ мәселесі» атты құжатта 1941 жылғы 12 желтоқсанда Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты мәселені қарау жөніндегі ресми тұлғалардың қатысуымен өткен кеңес жазбасы берілген. Аталмыш кеңеске Үндістанның Ішкі істер департаменті, Бас штаб бөлімі мен Қаржы бөлімі, Әскери бөлім және Кашмир басшылары қатысып, Кашмир аймағына жеткен босқындарға қатысты шешім қабылдау мәселесін талқылаған. Саяси хатшы кеңесті ашу барысында, Үндістан үкіметі мен Кашмир басшылары арасындағы жан-жақты хат алмасулардан кейін келіп түскен ақпараттарға байланысты жағдай түбегейлі өзгергендігін жеткізді. Бүгінгі күні қазақ көші Зоджи-Ла асуы арқылы өтіп, Кашмир алқабына бет алғандығын хабарлады. Сондықтан да, қыс мезгілінің қарсаңында босқындарға қатысты шешім қабылдау мәселесі кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр. Бұл көштің себептері жөнінде аз да болса, ақпараттар алынды. Осы орайда, олардың бізге деген достық қарым-қатынастарына қарамастан, оларды еліне қайтару туралы кез-келген ұсынысқа қарсылық білдіретіндігі белгілі болды. Олар іс жүзінде осында қоныстану ниетімен келді. Атап айтқанда, егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысу, сондай-ақ балаларына білім беру. Осылайша, енді мәселені ұзақ мерзімді негізде қайта қарау қажеттігі туындап отырғандығы ескерілді. Осылайша, кеңеске қатысушылар тарапынан: а) Қазақ көшін қабылдаудың ең тиімді шарттары қандай? б) Оларға қатысты шығындарды кім өтейді? - деген мәселелерге қатысты шешім қабылдау маңызды еді. Дегенмен, кеңеске қатысушылар босқындарды еліне қайтарудың мүмкіндіктерін қарастырған тиімді деген болжам жасады. Кеңес барысында, Үндістанның Сыртқы істер департаментінің өкілі Куртис мырза босқындарды еліне қайтаруға қатысты келіссөздер жүргізуге мүмкіндіктер аз деп есептейтінін жеткізді. Сонымен қатар, Низам үкіметі тарапынан мұсылман босқындарға көмек болуы мүмкін деген болжамын ұсынды. Үндістанның Қаржы департаментінің өкілі Джонс мырза қазақ босқындарын Үндістан есебінен қаржыландыру жөнінде шешім қабылдау өте қауіпті деп санайтындығын жеткізді. Оның пікірінше, қазақтарды шекара арқылы олар келген жолмен кері қайтару керек, қажет болған жағдайда күшпен және мүмкіндігінше тезірек мәжбүрлеу қажет деген ойын білдірді. Үндістан үкіметі мен Кашмирдің ресми тұлғаларының қатысуымен өткен саяси кеңестің мүшелері қазақ көшін қабылдауға байланысты шешімдер қабылдады. Атап айтар болсақ, біріншіден, Кашмирде қазақтарды төрт ай мерзімге уақытша тұрақта ұстау шығындарына қатысты шұғыл келіссөздер жүргізу, екіншіден, Үндістанға қоныстанушылар ретінде қазақтардың әдет-ғұрыптары мен әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеу және Үндістан үкіметі қаржыландыратын уақытша тұраққа қатысты қаржылық, әкімшілік іс-шараларды бақылау мақсатында Үндістан үкіметі тарапынан бақылаушы офицер тағайындау. Сонымен қатар, Низам және Пенджаб штаттарының

мұсылман басшыларынан қазақтарды қоныстандыруға қолайлы аудандарды ұсынуын сұрау қажет деген шешімдер қабылданды (ҰР ҰА. F.№ 239 – W/1941:248-257).

Кашмир басшыларының қазақ көшіне қатысты қабылданған шаралардың орындалуы жөніндегі есебі бойынша, қазақ көші Мұзаффарабадтағы Кашмир үкіметі дайындаған уақытша тұраққа жеткізілгендігін хабарлады. Кашмир алқабындағы жайылымдық жерлер шектеулі болғандықтан, орасан мал-мүлкімен жеткен босқындар тобын азық-түлік және жем-шөппен қамтамасыз ету мәселесі оңай болған жоқ. Үндістан үкіметі оларды Мұзаффарабадтағы тұрақта азық-түлікпен қамтамасыз ету шығындарын төлеуге уақытша міндеттеме алды, осылайша, қазақтардың қиын сапардан кейін күш-қуатын қалпына келтіруге мүмкіндігі болады деген мәліметтер келтірілген (ҰР ҰА. F.№ 239 – W/1941:69).

Екінші суретте аталмыш қордан анықталған Мұзаффарабад маңындағы қазақтардың уақытша тұрақтағы өмірінен бірнеше фото суреттері берілген.



2 фотосурет. ҰР ҰА қорынан анықталған Мұзаффарабад лагерінде қазақтарды қоныстандыру үрдісін бейнелейтін фото суреттер (Архив істерінде осы фотолар «Бұл мәселенің адами аспектісін түсінуге қосымша көмек ретінде қазақ лагерінде түсірілген бірнеше фото суреттер» деп аталған. (5 желтоқсан, 1941ж.) (ҰР ҰА. F. № 239 – W/1941; 240)

«Үндістанның Бхопал штатына қазақтарды орналастыру мәселесі. 1942 жылы Хайдарабадқа жіберілген сұраныс хаттары» атты Үндістан ұлттық архив қорынан анықталған бұл құжат Үндістанның саяси департаменті мен Бхопал және Хайдарабад мұсылман басшыларының арасындағы қазақ көшін орналастыруға байланысты жедел хаттарының көшірмелерінен тұрады. Атап айтар болсақ, 1942 жылы 28 шілдеде Үндістан Саяси департаментінің Хайдарабад басшыларына жолдаған шұғыл хатында Үндістанға жеткен қазақ көшінің болашағына қатысты мәселелер қамтылған. Елдің солтүстік-батысында орналасқан Тарнавадағы шамамен 2800 қазақты орналастыру мәселесі бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Мерзімді басылымдарда жарияланғандай, бұл көш Қытайдың Кансу провинциясынан шығып, Тибет, Гималай арқылы 5 жылдық ұзақ сапардан кейін, 1941 жылы қазан айында Кашмирге жеткен. Үндістанға жеткен қазақ көшінің мәселесі шешілгенге дейін олар, Үндістан үкіметінің есебінен алғашқы уақытта, Мұзаффарабадта, Тарнавада уақытша тұрақтады. Қазақтарға қатысты мәселені шешу барысында, Үндістан үкіметі мәселені шешудің екі жолына тоқталған болатын: біріншісі, Шыңжаңмен келіссөздер жүргізу арқылы, келген көшті кері қайтару, екіншісі, Үндістанда уақытша тұрақтауға рұқсат беру. Дегенмен, қазақтарға қатысты бұл істі шешудің алғашқы жолы, мәселенің табысты шешілуі екіталай қиын да ұзаққа созылған Шыңжаң үкіметімен келіссөздерге апарары сөзсіз еді. Үндістанға жеткен мұсылмандардың көңіл-күйлеріне қатысты саяси ахуалды ескерсек, өздерін жергілікті биліктен қысым көрген босқындар санайтын қазақтарды, Шыңжаң үкіметі тарапынан оң шешім болмаған жағдайда оларды кері қайтару мәселесі қажет емес деп санаймыз. Егерде қазақтарды кері қайтаруға байланысты шешім қабылданатын болса, оларды мәжбүрлі түрде күштеп қайтаруға тура келеді – делінген. Сондықтан да қазақтарды кері қайтару мәселесі мүмкін емес деп санаймыз. Осы орайда, Үндістан үкіметі қазақ көшінің Үндістан жерінде орналасуының қолайлы шарттарын қарастыру қажет деп санайды. Әрине, бұл адамдардың тілді және жергілікті халықтың әдет-ғұрыптарын білмеуі, бұл жерде өмір сүру жағдайларын қиындата түсетіні анық. Дегенмен, бұл босқындарға бейбіт азамат ретінде өмір сүру құқығын беру арқылы бұл мәселенің дұрыс шешімін табамыз деген үміттеміз (ҰР ҰА. Ғ. №203 - W/1942:83).

Тарнавадағы босқындарға арналған уақытша тұрақты (лагерьді) тарату және қазақтарға берілетін несие мәселесіне қатысты Саяси департаменттің ақпараттары бойынша, Хайдарабад пен Бхопал штатына қазақтарды орналастыру мәселесіне қатысты келіссөздер аяқталғанын хабарлаған. Үндістан Саяси департамент бөлімінің хатында көрсетілген шарттар бойынша Хайдарабадқа 200 және Бхопал штатына 100 отбасын орналастыруға шешім қабылданған. Хайдарабад пен Бхопал мұсылман басшыларының шешімдерінен кейін арнайы поездбен қазақтарды белгіленген штаттарға жеткізді. Мемлекеттік ұйымдармен кеңесе отырып, қазақтарға берілетін бір жылдық несие мөлшері анықталған. Сонымен қатар, бір жыл мерзімге қазақтар үшін жәрдемақы қарастырылып, ересектер үшін -15 рупий, балалар үшін – 7/8 рупий мөлшері белгіленген (ҰР ҰА. Ғ. №203 - W/1942:18-20).

Аталмыш көштің тікелей куәгерлерінің естеліктерінде Үндістанға жеткен қазақ көшіне Кашмирдің, Пенджабтың, Хайдарабадтың және Бхопалдың мұсылман басшыларының қолдауы мен көтсеткен көмегі жайлы мәліметтер баршылық. Пенджабтың мұсылман халқы бізге жанашырлық танытты. Ол күнде ол елдің Үндістан, Пәкістан болып екіге бөлінбеген уақыты. Пенджабтың халқы мұсылман. Пенджабтың мұсылман басшысы Махмұд Шейх Ғабдолла Кашмирге келген мұсылмандарға көмек беріп, алты айдан кейін Пенджабқа көшіруге ықпал етті. Одан көшіріп Тырнава (Тарнава) деген жерге алып келді. Ол жердің әкімшілігі ағылшын болғанмен, халқы үнді, мұсылман аралас. Сол Тырнавада екі жыл тұрдық. Өкімет азық-түлікті беріп отырды. Екі жылдан кейін «Сендерге деген үкіметтік жәрдем тоқтайды. Сендерді әр жерге таратамыз» - деген өкіметтен хабар келді. Өкіметтен осылай хабар келгеннен кейін «Оларды біз бөліп аламыз» - деген мұсылман басшылар болды. Мәселен, Хайдарабадтың әкімі, өзі мұсылман екен, «Мен мың кісі аламын, үй тігіп беремін, жер беремін» - деді. Бопал (Бхопал) деген жердің әкімі болса, «Мен бес жүз кісі аламын, үй беремін, жер беремін» - деп көмек қолын созды. Қолымызға бір сары қағаз таратты. Ағылшын үкіметі берген сол құжатта «Үндістанның ішінде қай жерде болса да, баруға құқықты» - деген. Осыдан кейін Елісхан бастаған ел тарап-тарап кетті. (Қара, 2016:89).

Хайдарабад «әкімінің» 1942 жылғы желтоқсан айында қазақтарды орналастыру мәселесіне байланысты Үндістан Саяси департамент бөліміне жолдаған жедел хатында Хайдарабадқа келген қазақтардың 200-дей отбасын орналастырып, егін және мал шаруашылығымен айналысуға жағдай жасаймыз деп – хабарлаған. Ауа-райы егін егу мен мал шаруашылығына қолайлы болып келетін Аурангабад жері қазақтар үшін қолайлы тұрақ деп санаймыз. Егістік пен мал бағу үшін жер

учаскелерін бөле отырып, бір немесе екі қазақ ауылын құруды ұсынамыз. Қоныс аударушы қазақтардың ауылшаруашылық және де басқа қажеттіліктеріне қамқорлық жасау, сонымен қатар оларды бақылап отыру мақсатында жергілікті салық қызметшілерімен ауыл-шаруашылық департаменті тарапынан бақылаушылар тағайындалады – делінген. Сонымен қатар, бұл бақылаушы-офицерлер алдын-ала қазақтармен және де олардың көш басшыларымен танысып, өзара келісімге келуі қажет деген ұсыныстарын жеткізген (ҰР ҰА. F. №203 - W/1942:94).

Бхопал басшыларының 1943 жылғы 7 желтоқсанда жолдаған хабарламасы бойынша, 589 қазақ 1943 жылы сәуір айында Бхопал штатына көшірілгенін хабарлайды. Мемлекеттік ұйымдар үшін оларды түрлі жұқпалы дерттерден сауықтыру мен өз отанындағы ауа-райына қарай тамақтану мен ауыр киімдер кию дағдысынан арылту – басты шаралардың бірі болды. «Бопалға орналасқан соң жергілікті өкімет босқындарға айрықша қамқорлық көрсетті. Алдымен сол жердің ауа райына лайықты тамақтандырып отырды. Әрі тұрғылықты халықтардың ұлттық тамақтарын жасауды үйретіп, олар біздердің ішкен тамақтарымызды да бақылап отырды» деген мәліметтер келтірген бұл жөнінде Халифа Алтай естеліктерінде (Алтай, 2014:70).

Бхопал штатының басшылары қазақтарға қолайлы елді мекен ретінде Бхопал аймағына жақын жердегі Матар ауылын таңдады. Егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысу үшін жер бөлінді. Әр қазақ отбасына күріш пен жүгері егетін алқаптар бөлінді, бақша учаскелері беріліп, баспанамен қамтамасыз етілді. Дегенмен, барлық әрекеттерге қарамастан, бұл сынақтың бірнеше күні өткеннен кейін, олардың бұрын-соңды қолдарына соқа алмағандығы, ауыл шаруашылығынан бейхабар екендігі белгілі болды. Азық үшін егілген егістікке малдарын жайды. Оларды күштеп егін мен ауыл шаруашылығына тарту мүмкін емес деген шешім қабылданды. Сонымен қатар, толассыз жауған жауын-шашыннан (муссон) олардың денсаулық жағдайлары күрт нашарлай түсті, осылайша олар Бхопалға қайта көшірілді. Бхопалға келген қазақтарды қолөнерге баулу мақсатымен тері шеберханаларында бірнеше қазақтарға жұмыс берілді, олардың бұл іске икемділігі байқалғаннан кейін, қазақтар тұрақтаған лагерьде қолөнер кәсібіне баулитын өнеркәсіптік орталықтар ашылды – деген мәліметтер келтірілген. Олардың үйде отырып, жасай алатын істерде өте пайдалы екендігі анықталғаннан кейін қазақтарға арналған тұрғын үй салу жобасын қайта қарау қажет деген шешім қабылданды. Осы орайда, Бхопалдағы қазақтар үшін дайындалған үй құрылыс сызбаларын жақын арада мақұлдап, құрылыс жұмыстарын муссондар басталғанға дейін аяқтау қажет деп тапты (ҰР ҰА. F. №203 - W/1942:160).

Үндістан ұлттық архив құжаттарындағы мәліметтер Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» атты еңбегіндегі аталмыш көшке қатысты баяндалған деректерді толықтыра түседі. Аталмыш еңбекте келтірілген деректерге сүйенсек,

Хайдарабад – Үндістанның оңтүстігіндегі мұсылман өлкесі. Осы Хайдарабад өлкесінің басшысы Осман Али мен Орталық Үндістандағы Бопал (Бхопал) өлкесінің басшысы Хамидуллах біздер жайлы газеттерден оқып білген соң «сол адамдарды қарауымызға алып, бағамыз» деп өкіметке арыз беріпті. Сонымен 1943 жылдың көкек айында төрт жүзден астам адам Бопалға (Бхопал) көшетін болдық. Біздерді көшіруге арнаулы пойыз келді, буынып-түйініп вагондарға жайғастық. Жеткен соң шатырларымызды тігіп орналастық, өкімет тегін тамақ беріп көмектесті. Басшы адамдар көшіп келген қазақтарды бір жерге орналастырып, мал беріп, егін салғызып кәсіп жасатпақ. Үй беріп, жер беріп, Үндістанның азаматтығына қабылдап, бір ауылға айналдырмақ. Осы жайды ақылдаса келгенде Матар ауылын лайық көреді. Бір биіктеу алаңқайға үй салу жоспарланыпты. Маусым айында жауған жаңбыр толастамады. Үздіксіз жауған жаңбырдан елдің көбі безгекпен ауыра бастады. Аз күнде жүзге жуық адам өліп кетті. Өкімет бәрімізді жинап қайтадан Бопалға (Бхопал) жеткізді. Өкімет арнаулы ұйым құрып, оны «Мәркез қазқан» деп атады. Бұл «Қазақ орталығы» деген сөз. Сондай-ақ, біздерге арнап арнаулы кәсіпорындар ашып, жұмыспен қамтамасыз етті. Қолөнері секілді жеңіл-желпі іс үйретіп, белгілі кәсіпке бейімдей бастады (Алтай, 2014:67-70).

Үндістан ұлттық архивінің саяси департамент бөлімі бойынша анықталған «Бхопалдағы қазақтарға қатысты шығындар» атты құжат Үндістанның Сыртқы қатынастар департаментінің қазақтарға жұмсалған шығындарды өтеу мәселесіне қатысты Калькуттадағы Қытайдың Бас консулдығына жолдаған хаттарын қамтиды. Үндістанның Сыртқы байланыстар департаменті атынан Қытайдың Үндістандағы елшілігіне жіберілген хабарламасында 1941 жылы Қытайдан бет алған қаруланған қазақ көші Шыңжаңнан Тибетке өтіп, Кашмир шекарасына жетіп, Үндістан әскері оларды қарусыздандырып, Кашмир аумағына өткізгендігін мәлімдеген. Сонымен қатар,

Үндістан үкіметі тарапынан олардың Кашмирде, одан кейін аз уақытқа солтүстік-батыс шекаралық провинциясы Тарнавада одан кейін Бхопал штатында аялдауға мүмкіндік жасалғанын хабарлаған. 1944 жылы тамыз айында Калькуттадағы Қытайдың бас консулы Бхопалдағы босқындар лагеріне келіп, Қытай үкіметімен ақылдаса келіп, қазақ көшіне қатысты шығындарды өтеуге келісім берген болатын. Сол уақыттан бері Бхопал саяси агенттігі қазақтарға Қытай үкіметінің атынан қаржы бөле отырып, шығын есебін Қытайдың бас консулдығына жолдап отырды. Қазіргі уақытта, 99 қазақ Бхопалда, 366 адам Үндістанның әр түрлі провинцияларына орналастырылды, атап айтар болсақ, Таксила, Бхопал, Аурангабад провинцияларына бөлінді - деген деректер келтірілген (ҰР ҰА. Ф. №674 – СА/1947:8).

Калькуттадағы Қытайдың бас консулдығы тарапынан қазақ көшіне қатысты көрсетілген қаржылық көмек жөнінде аталмыш көштің кәугерлерінің естеліктерінде баяндалады. Бопал (Бхопал) әкіміне келген Қытай консулі «Жан Кай Шиден хабар келді. Ол жердегі қазақтың жеп ішерін бер. Оларға көзіңнің қырын сала жүр деген бұйрық келді. Енді мен сендерге күндік несібелеріңді беремін. Сендерді бағатын болдым – дегенді айтты. Бұрын бізге Үндістан үкіметі ұн, май, және бидай беретін. Үкіметтің берген осы жәрдемі тоқтағаннан кейін, Қытай үкіметі ақшалай жәрдем беретін болды. Ай сайын бір адамға күніне балалар үшін 8 рупий, ересектер үшін 15 рупий жәрдем беруге келісті. Төрт басшыға 30 рупийдан берді. Одан кейін Қытай жер сатып алып, оған үй салды. Қазақбад деген сол. Сол жерде екі жыл тұрдық (Қара, 2016:91-92).

Үндістанның Сыртқы байланыстар департаментінің Қытайдың Калькуттадағы бас консулына жолдаған ұсыныс хатындағы мәліметтер бойынша, Қытай консулдығынан алынған барлық қаржы Бхопал агенттігі жанынан құрылған қорға аударылғанын хабарлайды. Империялық банктің Бхопал бөлімшесінде қазақтар үшін арнайы шот ашылып, 1945 жылы ақпан айында Қытайдың бас консулы алдын-ала төлем ретінде 20 000 рупий жіберген. Бірақ, 1945 жылдың қазан айынан бастап, Қытай тарапынан қаржы түспегендіктен жоғарыда аталған келісім шарт бұзылып, қазақтар үшін өтелмеген қарыздар мөлшері өсті. Осы орайда, Қытай тарапынан төленбеген қаржыға байланысты Бхопал басшылары қазіргі уақытта қазақтарға айына берілетін 1100 рупий тұратын тұрғын үй шығынын қоспағанда, басқа да адам басына берілетін жәрдем ақыларын тоқтатуға мәжбүр болып отыр. Бхопал үшін қаржы мәселесі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болғандықтан, Орталық Үндістан қарыз соманы өз тарапынан енгізіп, алдағы уақытта ол қаржыны Қытай үкіметінен өндіріп алады деген шешім қабылданды (ҰР ҰА. Ф. №674 – СА/1947:5-6).

1946 жылы Үндістанда ұлт-азаттық төңкеріс етек алды. Үш ғасырдан астам Үндістан ағылшындардың қол астында болып келген. Отаршылдыққа қарсы күрес бүкіл елде қанат жайып, қарулы қақтығыстарға ұласқан. Сол кезде Үндістанда екі партия; 1) Ганди бастаған Халық конгресі, 2) Мұхаммед Али Жинаһ бастаған мұсылмандар партиясы. Бұл партиялардың мақсаты – елді азат ету. 1947 жылы 14 тамызда – Пәкістан, 15 тамызда – Үндістан азат болды. (Алтай, 2014:74,75). Енді үнділер мен мұсылмандар арасында күрес басталды. Аталмыш оқиғалар Үндістандағы қазақтарға да өз әсерін тигізді. Мұнда да қазақ ағайындарға қысым көрсетіле бастады. Еркіндікті аңсаған қазақтар мұнда да көп тұрақтай алмады. Діні бір, тілі үндес Пәкістанға ығысуға ниет етті. Мақсат: түбі мен діні бір көрші Түрік еліне өту еді. Осылайша ақылдасқан ел ағалары Түркия Республикасының Бас консулдығымен байланысып, еліне хат хабар жіберді. Бұл 1952 жылдың маусымы еді. Консулдыққа барып мәселені шешкендер, «Шығыс Түркістан босқындар қоғамының» басшыларының бірі – Хамза Инан Жақияұлы бастаған топ еді. Түркия мемлекетінің премьер министрі Аднан Мендерес қазақтарды қабылдау мәселесі бойынша оң шешім қабылдады. Нәтижесінде, 1953 жылдан бастап Пәкістандағы қазақтар Түркияға қарай бет алды.

Қорытынды. Үндістан ұлттық архив қорларының құжаттары Алтайдан көшіп шығып Қытай, Тибет жолы арқылы Үндістанға жеткен ұзақ та ауыр жол азабын бастан кешірген көш тарихына қатысты тың архив құжаттары болып табылады. Бұл архив құжаттары - жоғарыда келтірген аталмыш көш тарихына қатысты осы көштің тікелей куәгерлерінің естеліктері негізінде жарық көрген еңбектері мен зерттеулерін нақтылап толықтыра түседі. Аталмыш архив құжаттарында келтірілген мәліметтер Гималай асып ауыр жол азабын бастан өткізіп жеткен қазақ көшіне Үндістан үкіметі бей-жәй қарамай, көш мәселесіне қатысты мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылданғанын көрсетеді. Нақтыласақ, Үндістан үкіметі мен Кашмир арасындағы аталмыш көштің себептерін анықтау, Үндістанға жеткен қазақ көшін қабылдау, орналастыру және оларға қатысты шығындар мәселесін шешу мақсатындағы хат алмасулар басты дәлел болып табылады.

«Туған жерінен тыс бүкіл жер шарына шашырап өмір сүріп жатқан бес миллионға жуық қандастарымыздың қандай қайғылы да қорлықты жолдан өткенін бүгінгі көзі тірілердің ешқайсысы да өз деңгейінде барша қасірет-қайғысымен бейнелеп бере алмайды. Өйткені, кейде құжат жетіспейді, кейде босқындардың тұтас көш керуенінің іздері белгі-бедерсіз тау шатқалдарына сіңіп, жоқ болып кетеді немесе мүрделері қазақ даласынан шалғайда атаусыз қалған». (Назарбаев, 1999: 140).

Бүгінгі таңда, аталмыш көш тарихына қатысты анықталып, елге жеткен құнды архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізу мақсатында мақала авторлары «Қилы заман көш құжаттарының жинағын» баспаға әзірлеуде.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік жолында азаттықты аңсап күрескен ерлеріміз бен халқымыздың тарихымыздағы алатын орнын көрсету арқылы бүгінгі ұрпақтың бойына тәуелсіздіктің, туған жердің, еркіндіктің аса бағалы құндылық екенін барынша сіңіруіміз қажет.

Дереккөздер

ҰР ҰА – Үндістан Республикасының Ұлттық архиві

Әдебиеттер

- Алтай, 2014 – *Алтай Х.* Алтайдан ауған ел / Х. Алтай. Алматы. 2014. 272 б.
- Зейнел Сүрмелінің өлеңдер жинағы, 2024 – *Зейнел Сүрмелінің өлеңдер жинағы* / Құрастырушы З. Дүкенбаева және т.б. – Алматы: “Қолжазбалар және сирек кітаптар орталығы” РММ. 2024. 144 б.
- Қара, 2016 – *Қара Ә.* Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері) / Ә. Қара. Алматы: Орхон, 2016. 136 б.
- Назарбаев, 1999 – *Назарбаев Н.* Тарих толқынында / Н. Назарбаев. Алматы: Атамұра. 1999. 140 б.
- Оралтай, 2005 – *Оралтай Х.* Елім - айлап өткен өмір / Х. Оралтай. Алматы: Білім. 2005. 632 б.
- Тоқаев, 2021 – *Тоқаев Қ-Ж.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. 2021. 5 қаңтар.
- Шәкенұлы, 2016 – *Шәкенұлы Ж.* Қаралы көш: тарихи роман / Ж. Шәкенұлы. Алматы: Асыл кітап, 2016. 424 б.
- Шоқай, 1998 – *Шоқай М.* Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Т.1. /М. Шоқай. Алматы: Қайнар, 1998. 512 б.

Sources

ҰР ҰА – Yndistan Respublikasynyң Ylttyқ arhivi [National Archives of the Republic of India]

References

- Altaj, 2014 – *Altaj H.* Altajdan augan el / H. Altaj [Afghan country from Altai / H. Altai.]. Almaty. 2014. 272 p. (in Kaz.)
- Zeinel Surmelinin olender zhinagy, 2024 – *Zeinel Surmelinin olender zhinagy* [Collection of poems by Zeynel Surmel] / ed. by Z. Dukenbaeva et. al. – Almaty: “Kolzhazbalar zhane sirek kitaptar ortalygy” RMM. 2024. 144 p. (in Kaz.)
- Kara, 2016 – *Kara A.* Kazaktardyn Turkijaga koshi (Kozhan uazir aksakaldyn auyzsha derekteri) [Migration of Kazakhs to Turkey (oral data of kozhan Vizir aksakal)] / A. Kara. Almaty: Orhon, 2016. 136 p. (in Kaz.)
- Nazarbaev, 1999 – *Nazarbaev N.* Tarih tolkynynda [On the wave of history] / N. Nazarbaev. Almaty: Atamura. 1999. 140 p. (in Kaz.)
- Oraltaj, 2005 – *Oraltaj H.* Elim - ajlap otken omir [My country is a past life] / H. Oraltaj. Almaty: Bilim. 2005. 632 p. (in Kaz.)
- Tokaev, 2021 – *Tokaev K-Zh.* Tauelsizdik barinen kymbat [Independence is more precious than anything] // *Egemen Kazakhstan*. 2021. 5 kantar (in Kaz.)
- Shakenuly, 2016 – *Shakenuly Zh.* Karaly kosh: tarihi roman [Black Street: a historical novel] / Zh. Shakenuly. Almaty: Asyl kitap, 2016. 424 p. (in Kaz.)
- Shokaj, 1998 – *Shokaj M.* Tandamaly shygarmalar [Selected works]. Eki tomdyk. Vol.1. /M. Shokaj. Almaty: Kajnar, 1998. 512 p. (in Kaz.)

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 1

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Кабульдинов З.Е.

ОБОСТРЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ КАЗАХОВ В УСЛОВИЯХ МАССОВОЙ
КРЕСТЬЯНСКОЙ КОЛОНИЗАЦИИ В НАЧАЛЕ XX века.....5

Балтабаева К.Н., Аблажей Н.Н.

ДЕЛА ПЕРЕБЕЖЧИКОВ И РЕПАТРИАНТОВ ИЗ СИНЬЦЗЯНА
1940–1950-х гг. КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ДИАСПОРЫ.....18

Борбасов С.М., Мурзаходжаев Қ.М., Женис Ж.Ж.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЕҢ АУЫР ТРАГЕДИЯ.....29

Асанова С.А., Конкабаева А.Н.

СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАК ФАКТОР ИЗМЕНЕНИЯ
СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА КАЗАХСКОЙ ЖЕНЩИНЫ.....41

Kasymbekova M.A., Zhenis Zh.Zh., Zhumatay S.

SOME ISSUES RELATED TO THE HISTORY OF THE EMERGENCE
OF THE SUFI ORDER IN CENTRAL ASIA.....52

Aitenov Zh.K., Sailaubayeva N.E., Baishov B.B.

PEASANT COLONIZATION OF THE REGION AND ITS REFLECTION
IN TOPONYMY OF PAVLODAR REGION.....63

Муканова Г.К.

ПРЕРВАННЫЙ НАМАЗ. ИСТОРИЯ РЕПРЕССИЙ МУЛЛ, ИШАНОВ, ХАЗРЕТОВ
И КАЗИЕВ В РАМКАХ «МАЛОГО ОКТЯБРЯ» В КАЗАХСТАНЕ (1920 – 1950 гг.).....76

Сулейменова А.Т.

ҚАЗАҚСТАНДА 1930 жж. ЖҮРГІЗІЛГЕН ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ
НАУҚАНЫ – КІШІ ҚАЗАН РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТРАГЕДИЯСЫ.....91

Омарова Г.А., Уалтаева А.С., Маргулан А.С.

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ И СОЦИОКУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА АЛМАТЫ
В 1854-1939 гг.105

Абдукадыров Н.М., Кобесова А.С.

ОСМАН БИЛІГІНІҢ ТҮРКІСТАНДЫҚ ҚАЖЫЛАРҒА ҰСТАНҒАН САЯСАТЫ
(XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....124

Тұрлыбай Б.С., Кенжебаев Ғ.Қ.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ.....139



Черниенко Д.А., Абенова Г.А.

КАЗАХСКО-РУССКОЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ
В НАУЧНОМ НАСЛЕДИИ Х.А. АРГЫНБАЕВА.....152

Мурзаходжаев Қ. М., Әпендиев Т.Ә., Қуанбай О.Б.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР
(ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕР БОЙЫНША
ӨЗАРА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....165

Bazarbayev K., Amirbek A., Kelesh M.

TURKEY IN THE ATATURK ERA IN SOVIET PUBLICATIONS
(BY «PRAVDA» AND «IZVESTIA» NEWSPAPERS).....177

Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б.

XX ҒАСЫРДЫҢ 40-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҮНДІСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨШІНІҢ
ТАРИХЫ (ҮНДІСТАН ҰЛТТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....186

Оралова А.А., Қара Ә.

ҚАЗАҚ-ОРЫС БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР.....200

Каримов М.К., Рахметуллин Е.Е., Даутова А.Ф.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ
САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНДЕ.....212

Қапбаров Г.Ш., Шашаев Ә.К., Орынбасаров Г.Ж.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҰТҚЫРЛЫҒЫ: КАДР ЖӘНЕ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ
РЕТТЕЛУІНІҢ ШЕШІМІ.....225

АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОГРАФИЯ / ARCHEOLOGY. ETHNOGRAPHY

Ахантаева Ә.

ЖЕТІСУ Өңірі қазақтарының дәстүрлі егіншілігі.....240

Сиздигов Б.С., Амантуров М.Қ., Жетібаев К.М.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН МАЙШАМДАР.....251



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.